зудан немесе жойылудан қорғауды қамтамасыз етуді көздейді. Әлеуметтік аспект ұлттық ақпараттық кеңістікті және бұқаралық ақпарат тарату жүйелерін Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін мақсатты келеңсіз ақпараттық және ұйымдық әсер етуден қорғау болып табылады» ретінде ұсынылады [3].

Сонымен бірге ол қазіргі жағдайды бағалауға негізделген және мемлекеттің саясатын, мемлекеттік органдардың ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыздандыру саласындағы іс-қимылдарының келешегін анықтайды.

Сәйкесінше ақпараттық қауіпсіздікті дамытудың саяси-құқықтық аспектілерінің тұжырымдамалық бейнесі бүгінгі күні төніп тұрған қауіптерді, сондай-ақ қазіргі әлемдік қоғамның жетекші мемлекеттерінің оларды жою жөніндегі шараларын жан-жақты талдау нәтижесі болып табылады.

Қазақстанда қауіпсіздікті қамтамасыздандыру саласындағы қатынасты реттейтін және адам мен азаматтың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мазмұны мен қағидаттарын, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін, мақсаттары мен бағыттарын айқындайтын негізгі нормативтік-құқықтық акт - «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы. Ұлттық қауіпсіздік түрлерінің ішінен бөлек бір түр ретінде ақпараттық қауіпсіздік атап көрсетілген.

Бұл құжатта ақпараттық қауіпсіздік «...елдің орнықты дамуы және ақпараттық тәуелсіздігі қамтамасыз етілетін ақпарат саласында нақты және ықтимал қатерлерден Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ адамның және азаматтық құқықтары мен мүдделерінің, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі» ретінде анықталған. Бұл заңның 6-бабында ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлері арасынан келесілер анықталған: «...рұқсатсыз енуден елдің ақпарат кеңістігін және ұлттық ақпарат ресурстарын қорғау деңгейінің төмендеуі; ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіре отырып, ақпаратты әдейі бұрмалаумен және дәйексіз ақпаратты таратумен байланысты қоғамдық және жеке санаға ақпараттық ықпал етуі» [4]. Демек, қорғалғандық деңгейі қазіргі заманның қатерлерін ескерту шараларына және оларды ескерту мен жою іс-шараларының тиімділігін бағалағанға мүмкіншілік бере отырып, ұлттық қауіпсіздіктің сапасын анықтайды. Ақпараттық кеңістіктің аясында бұл қатерлер өте қауіпті, өйткені ақпарат арқылы жеке адамда өзін қоршаған әлем туралы көзқарасы, дүниетанымы және қандай да бір теріс қылыққа деген түрткі болатын мотивтері қалыптасады.

Сондықтан ұлттық деңгейде мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігі ретінде азаматтар мен тұрғын халықтың өндірістік, қоғамдық тіршілік қарекетіне, білімі мен дамуына қажетті, сапалы (бағалы) ақпараттың қажеттілігінің қорғалғандығын түсінуге болады.

Жоғары көрсетілген ақпараттық қауіпсіздіктің анықтамалары бұл проблеманың кешенді және көп қырлы түсінік екеніне тұжырым жасауға мүмкіншілік береді.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету алуан түрлі субъектілердің ақпаратқа деген мұқтаждығы мен «зиян келтірме» ұранымен қолда бар ақпараттық ресурсты орынды қолдану қажеттілігінің арасында теңгерім тудыратын кешінді міндет ретінде қалыптасады. Дәл осы ұран «қорғау» сөзінің мазмұнын: нені, неден, не үшін немесе кім үшін, сайып келгенде қалай қорғау және т.б. ашып көрсетуге көмектеседі. Осы сұрақтарға түрлі тұжырымдамалар, ақпараттандыру саясаты, ақпараттық қауіпсіздік саясатын іске асырушы заңнама, ақпараттық қызмет тәжірибесі мен ақпаратсыз тіршілік етпейтін тұтас әлеуметтік өмір тәжірибесі жауап беруі керек [5].

Барлық мемлекеттік органдардың, мемлекеттік емес құрылымдар мен ҚР азаматтарының толықтай өзара әрекеттесуімен іске асырылатын ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жақсы ұйымдастырылған мемлекеттік жүйесі ғана қазіргі жағдайларда

ақпараттық қауіптерге тиімді қарсы тұра алады. Сонымен қатар Қазақстанның әлемдік ақпарат айырбасына қатысатындығын ескере отырып, қазіргі уақытта өзара тығыз әрекеттесу мен компьютерлік қылмыстарға қарсы күресу мақсатында ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша халықаралық келісімдер жасау бастама алуда. Оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік және компьютерлік қылмыстармен күресу мәселелері бойынша небір халықаралық конвенциялар қаралды және құпталды. Шетел мемлекеттерінің арнайы қызметтерімен ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша тығыз ынтымақтастық – ақпараттық технологиялар саласында қылмыспен күресу бойынша тәжірибе алмасу жүзеге асырылуда [2].

Сонымен, ақпараттық құрылымды дамытуға арналған бөлек бір алғышарттар жасалған деп нақты айтуға болады. Қазақстанның экономикалық дамуының тұрақты шағында ақпараттық негіздерді құру қағидаттық кезеңдердің бірі болып табылады. Атап айтқанда Қазақстанның бірыңғай халықаралық ақпараттық-экономикалық кеңістікке ешбір кедергісіз енуіне ақпараттық даму мүкіншілік береді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Стрельцов А.А. Актуальные проблемы обеспечения информационной безопасности // Технологии безопасности. – 2002. – № 11.
2. Ақпараттық қауіпсіздік. – Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми сайты. – knb.kz/, 02.11.2013, 22:11:20.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 14 қарашадағы № 174 «Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі Тұжырымдамасы туралы» жарлығы // «Заңнама» нормативтік-құқықтық актілер электронды базасы.
4. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы (10.07.2012 ж. өзгертулермен) // Егемен Қазақстан. – 2012. – 17 қаңтар. – № 19-20 (26838-26839).
5. Ирюков С.Ж. Защита информации в контексте информационной безопасности и информационной политики, правовые аспекты безопасности информации // Специализированный науч. сб. «Шекара». – 20009. – № 4(6). – С. 92.

Получено 7.04.2014

ӨОЖ 355.359.31

Ә.Б. Мұқатай

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің академиясы,
Алматы қаласы

**ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ ШТАБТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАУ
ЖҰМЫСТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

XXI ғасырдың басында адамзат дамуының негізгі мағынасы ақпараттық қоғамға ауысу болып саналды, соның ішінде басты рөл ақпаратқа тиесілі. Ақпарат стратегиялық ресурқа айналуға, алғашқы болып еңбек және табиғи ресурстар құндылығы емес, білім алу құндылығы есептелуде. Осы құндылықты алу үшін ақпараттық-коммуникативтік құзырлық білімі ақпараттық мәдениет негізінің басты бір басымдылығына айналуға.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында: «...Қазақстан қоғамы өмірінің ақпараттық құрамдасын біршама жоғарыла-

тып, Интернет-технологияның мүмкіндіктерін азаматтарды ақпараттандыру, сондай-ақ мемлекет пен тұрғындардың тұрақты «кері байланысын» нығайту мәселелерінде де кеңейту міндеті тұр. ...Қазақстанда әлеуметтік жаңғырту жаһандық ақпараттық дәуірде жүзеге асуда. Бұл факторды міндетті түрде ескеру қажет. ...Жаңғырту үдерісі, *біріншіден*, бүкіл қазақстандық социумды ақпараттық қоғам жағдайына бастауы тиіс, ол әлемдік дамудың трендіне толық сәйкес келеді. Және, *екіншіден*, Қазақстанда экономиканың, әлеуметтік жүйе мен саясаттың бұлжымас дамуының маңызды факторы бола алатындай ақпараттық-мәдени орта құру қажет», - деді [1].

Қазіргі кезеңде біздің мемлекетіміздің дамуы қарсаңында мемлекеттік шекарадағы оперативтік жағдай әсіресе олардың жаңа бағыттары мен учаскелерінде күрделі болып қалуда. Шетел мемлекеттерінің арнайы қызметтері іс-әрекеттерінің формалары, әдістері мен сипаттары, шекара бұзушылар қимылдарының тактикалары елеулі жаңаруда. Осыған байланысты жаңа нормативтік-құқықтық құжаттар және оқу-әдістемелік материалдар өңделуде. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі (ШҚ) қызметтік-ұрыстық қимылдарының тапсырмалары, формалары және тәсілдерінің сипаты мен мазмұны, сонымен бірге штаб пен басқа да басқару органдары жұмыстарының мазмұны мен жағдайлары өзгерген.

Мемлекеттік шекараны күзетудегі тапсырмаларды табысты шешу әрқашан және көбінесе әскерді басқаруда маңызды шараларды орындау бойынша штабтың жұмысы деңгейімен белгіленгенін атап айтқан жөн. Қазіргі уақытта олардың іс-әрекеттерінде шапшаңдық, дербестік және сапа шешуші мағынада. Бұлардың барлығы ШҚ-нің басқару органдары офицерлерінен кәсіптік дайындықты заңды түрде талап етеді. Сонымен қатар штабтар мен басқару органдарының жұмысы, ең алдымен, ШҚ-нің барлық түрлеріндегі қабылданатын шешімдерді талдай отырып талқылаудың жан-жақтылығы мен тереңдігі, оларды іске асыру мен олардың ықтимал салдарларын болжау шеберлігі бойынша бағаланады.

Демек, офицерлерге ақпараттық-талдау жұмыстары (АТЖ) саласында терең білім аса қажет, себебі басқару сапасы, оның ізінше ШҚ-нің бірлестіктері, құрамалары мен бөлімдерінің қызметтік-жауынгерлік және күнделікті әкімшілік-шаруашылық қызметінің тиімділігі де көбінесе оның күйімен анықталады. Бүгін, өкінішке орай, басқару органдарының АТЖ әділ заңдары мен тетіктерін қолдануда кәсіби терең білімге қол жеткізілмеді. Осы себептен ақпараттық сауаттылық, басқару органдары басшыларының, барлық офицерлерінің ақпараттық үрдістердің ерекшеліктерін терең түсінулері – басқаруды әрі қарай жетілдіру табысының кепілі екендігі анық байқалады.

Басқаша айтқанда, АТЖ-ның штаб пен басқа да басқару органдары жұмысының нәтижелігіне оң ықпал етуге қабілетті, шекара құрылымдарының басқару жүйесін дамыту мен жетілдірудің елеулі факторы болуы үшін, біз қазірден бастап оның барлық жасаушыларын дамытуымыз керек.

ШҚ-нің басшылық құжаттарында АТЖ ұғымы және оны құраушылар былай белгіленген: «...ШҚ-ндегі АТЖ-ның ақпараттық үдерістерін іске асыру, ақпаратқа талдау жасау, жағдайдың дамуын болжау бойынша лауазымды тұлғалардың, басқару органдарының, басқарушылық іс-әрекеттерінің құрамдас бөлігі болып табылады. Ол басқару шешімдерін қабылдау (нақтылау), оларды басқару және мемлекеттік шекара күзеті мен қорғалуы саласында жаңа басқару шешімдерін қабылдау үшін ұсыныстар дайындау үдерісінде іске асыру мүдделерінде ақпаратты алуға және өңдеуге мүмкіндік береді» [2].

А.В. Горячко өз ғылыми жұмысында штаб жұмыстарын өте жеткілікті терең қарастыра отырып, «АТЖ ақпараттық-талдау іс-әрекетінің (АТІӨ) өзіне тиімді және мақсатқа

лайықты шешімдерді дәлелдеу бойынша тәжірибелік жұмысты қосатын, елеулі мәселелерді шешуде нұсқа таңдайтын негізгі құралы ретінде» атап көрсеткен [3].

Сонымен қатар АТЖ-ның негізгі мақсаттары: мемлекеттік шекарадағы жағдай туралы ақпарат келіп түсетін жүйені құру; тапсырылған учаскедегі жағдай туралы келіп түсетін деректерді кешенді, жан-жақты талдау; жағдайдың даму бағыттарын анықтау, оның дамуын болжау; мемлекет шекарасын қорғауды ұйымдастыру бойынша тиімді, келешекке арналған шешімдерді қабылдауға ұсыныстардың мақсаттарын талдау негізінде дайындау; мемлекеттік шекара қорғанысының беріктігін нығайту мүддесінде пәрмен беруге (мәлімет түрінде) жиынтық ақпарат дайындау; басқарудың бағынышты органдарына бағыт беру.

ШҚ-нің басқару органдарында АТІӨ мыналарды қосады: АТЖ және қызметтік-ұрыстық іс-әрекетті ақпараттық-талдау бойынша қамтамасыздандыру (АТҚ). Ол әскерлерді басқарудың бірыңғай үдерісінің құрама бөлігі болып табылады және жүйелі түрде, ал кейбір қажетті жағдайларда аймақтық қағидаттар бойынша жасалады [4].

Ақпараттық-талдау материалдары сенімді, объективті және толық хабарланатын мәліметтерге ие болуы, қаралып жатқан үдерістердің себепті-тергеулік байланыстарының жан-жақты сипаттамасынан, болжамалы ақпараттан құралуы керек. Болжамның негізгі мақсаты – алынған ақпаратты талдау негізінде әрекеттердің ең орынды тәсілдері туралы ұсыныстар қалыптастыру және мемлекеттік шекараны қорғау бойынша сол немесе басқа шешімдерді қабылдау салдарларын бағалау.

Әсіресе кейінгі уақытта АТІӨ, АТЖ және АТҚ ұғымдары әскери сөздіктерде тіпті көп таралған. Оларға басқа саладағы әртүрлі мамандар келіп түскен мәліметтерді жинау, талдау және жинақтауда, сонымен бірге ақпаратты болжамдық сипатта беру бойынша салалардағы іс-әрекетте жиі жүгінеді.

Бүгінгі күні ШҚ-нің Орталық аппаратында, өңірлік басқармаларда, шекаралық отрядтарда ақпараттық-талдау бөлімшелерін (АТБ) құрудың нақты жүйесі жоқ, себебі бұл Ресей Федерациясының Федералдық қауіпсіздік қызметінің Шекаралық қызметінде жасалған (*РФ ФҚК ШҚ Орталық аппаратындағы ақпараттық-талдау басқармасы – өңірлік басқармалардағы ақпараттық-талдау бөлімдері мен шекаралық отрядтардағы ақпараттық-талдау бөлімшелері*). Ал бізде жағдай бойынша ақпаратты жинау және талдаумен айналысса да, атаулары әртүрлі, мүлдем әртүрлі міндеттерді атқаратын басты барлау басқармасының АТБ-нде, ШҚ Бас штабының АТБ-нде, өңірлік басқармаларда басқарудың автоматтандырылған жүйесі (БАЖ) бөлімдері де бар. Шекаралық отрядтардың штабтарында болса, өкінішке орай, қызметтік-жауынгерлік және күнделікті қызметтің нәтижелерін жинаумен, талдаумен және шекаралық отряд учаскесіндегі жағдайды нығайту бойынша болжамдарды, ұсыныстарды дайындаумен айналыспайтын (яғни бұл топ АТБ-нің қызметін атқармайды) БАЖ деген топ бар.

2004 жылы құрылып және тәжірибелік-жауынгерлік қолданысқа енгізілген «Шекара» атты басқарудың бірыңғай ақпараттық жүйесі (ББАЖ) кешенділік қағидасын іске асыратын және оның құрлықтағы, теңіздегі және әуедегі жеке құрама бөліктерінің арасындағы барлау-ақпараттық әрекеттестікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, мемлекеттік шекарадағы жағдайды бақылаудың үш деңгейлі жүйесін талап етті. Бұл *ШҚ-нің ауқымында (бірінші деңгей)* мемлекеттік шекарадағы жағдайды бақылаудың ең бірыңғай жүйесін құру, *өңірлік басқарма (екінші деңгей)* және *шекаралық отрядта (үшінші деңгей)* ішкі жүйелері осыған ұқсас жүйе құру. Көрсетілген ішкі жүйелердің әрқайсысының өзінің мақсатты қызметтерін атқара отырып, қажет болған жағдайда басқарудың басқа деңгейлерін жеке мәселелерді шешу үшін пайдалана алатындығы табиғи нәрсе.

Мемлекеттік шекараның шекаралық отрядпен қорғалатын учаскесіндегі жағдайды БАЖ екі негізгі басқару мәселелерін шешуді ескеруі керек еді: *біріншіден*, бұл картографиялық, деректі, фактографиялық ақпарат түрінде шекаралық нарядтардан, техникалық бақылау бекеттерінен және заставаалардан (комендатуралар) уақыттың нақты ауқымында отрядтық басқару инстанциясына ақпаратты жедел ұсыну, қисынды шешімдерді қабылдау мақсатында басқа көздерден алынатын ақпаратты ескерумен оны талдау және жалпылау; *екіншіден*, қабылданған шешімдерді орындаушыларға командалар, сигналдар және формализацияланған ұйғарымдар түріндегі автоматтандырылған тәсілмен шапшаң жеткізу.

ШҚ-нің басшылығы, жағдайды автоматтандырып бақылауды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғаудың барлық бағыттарындағы жағдай деректерін іске асыру бойынша шекаралық отрядты басқару жылдамдығы кенет жоғарылайды, қолда бар кезекші күштер мен құралдарды аса орынды пайдалану мүмкіндігі пайда болады, бұл мемлекеттік шекараны қорғауды жүзеге асыру кезіндегі материалдық және қаржы шығындарын едәуір қысқартады деп сенеді.

Бірақ бағдарламалық қамтамасыздандырудың шалалығы, оларға кіретін жұмыстарда жүйеліктердегі тұрақты қателіктерге байланысты «Шекара» ББАЖ өзін әзірше ақтай алмады.

Тәжірибе қазір осы қызмет үшін тағайындалған штаб және барлау бөлімінің жеке офицерлері АТЖ-мен тікелей айналысып жатқандығын көрсетеді. Олар компьютерлік оргтехникаларды жақсы игерген және олардың талдамалы ой жүйесі бар, яғни қалыптасқан жағдай бойынша тиісті тұжырымдарды жасауға, талдауға және жалпылауға икемі бар, өзінің мәліметтер жинағы бар. Дегенмен, оларға рұқсат жоқ, офицерлер өздеріне жүктелген қызметтік міндеттермен қатар АТЖ-мен айналысады, бұдан басқа, әртүрлі себептермен (іссапар, демалыс, сырқат) бұл офицер болмай қалған жағдайда, АТЖ басқа лауазымды тұлғаларға қайта тапсырылады. Бір офицерлерді басқаларымен амалсыз жиі ауыстыру шекаралық отрядты басқару органдарының бөлімдері, бөлімшелері мен қызметтеріндегі тұтас талдау жұмысының барысына теріс әсер етеді. Бұл әсіресе жағдай ушыққан кезде, төтенше жағдайларда, шекаралық отряд учаскесінде шекаралық іздестіру туындағанда, шекаралық отряд басшысының шешім қабылдауы үшін ұсыныстар дайындау кезінде өзекті болып келеді.

БАЖ офицерлері болса талдау жұмысы мен болжамдар жасауға қарағанда, басқару бөлімшелері мен органдарындағы оргтехниканы орнатумен және олардың жұмысын бақылауды қамтамасыз етумен көбірек айналысады, оның үстіне, қағида бойынша, олар мемлекеттік шекарадағы қызметтік-жауынгерлік қызметтен тәжірибесі жоқ, жаппай шақырылғандар және азаматтық жоғары оқу орындарын бітірген мамандар.

Шекаралық отрядтың басшысы үшін АТЖ-нда, жоғарыда айтылғандай, шешім қабылдау үшін ұсыныстар жасау мен офицер-талдаушылардың кәсіби даярлығының жоғарғы деңгейі, жағдайдың ықтимал өзгерістерін болжау және осы өзгерістерді ескерумен шешім қабылдау үшін талап етілуі мүмкін деректердің мазмұны мен көлемін анықтау, келіп түсетін мәліметтерді (деректерді) мұқият талдау және басшылыққа дер кезінде қажетті ақпаратты баяндау, қажетті ақпаратты іздеп табу бойынша міндеттерді дер кезінде анықтау, шекарадағы жағдай туралы мәліметтерді жинау мен өңдеуді шебер ұйымдастыру, штаб басшысы тарапынан АТЖ-ын үнемі басқару, ақпараттық техниканы және ақпаратты жинау, өңдеу, бейнелеу және тарату жүйелерін шебер қолдану талаптарын орындау аса маңызды болып табылады.

Әртүрлі салалардағы электрондық-есептеуіш техникасын (ЭЕТ) енгізудің әлемдік

тәжірибесін талдау автоматтандыру құралдарын, олардың математикалық және бағдарламалық қамсыздандыру жүйелерін әбден жетілдіру өлшемі бойынша мерзімдердің қысқартатындығын, сонымен бірге қабылданған шешімдердің дәлелділік дәрежесі мен жасалатын жоспарлау құжаттары сапасының жоғарылайтындығын көрсетеді. АҚШ мамандарының мәліметтері бойынша, ЭЕТ-сын қолдану әскерлердің әрекеттерінің нәтижелігін 2-3 есеге арттырады [5].

Шекаралық отрядты мемлекеттік шекараны қорғауға тікелей даярлау барысында автоматтандыру құралдарын кеңінен қолдану қабылданатын шешімнің дәлелдігін жоғарылатады, жасалатын қызметтік-жауынгерлік құжаттардың (жоспарлау) көлемін қысқартады, оларды дайындау мен орындаушыларға жеткізуге кететін уақытты қысқартады.

Қабылданатын шешімнің дәлелдігін жоғарылатуға не арқылы қол жеткізуге болады? Бұны әртүрлі жолдармен іске асыруға болады. *Біріншіден*, шекаралық отряд басшысының, қажет болған жағдайда, ЭЕТ дерекқорында сақталған ақпаратты пайдалануы арқылы. *Екіншіден*, штабтың және басқа да басқару органдарының қажетті уақытқа дейін міндеттерді айқындау мен жағдайдың әртүрлі элементтерін бағалаудан шығарылған тұжырымдарды дәлелдеуге арналған жедел-тактикалық есептердің әдеттегіге карағанда көбірек мөлшерін дайындауы арқылы. *Үшіншіден*, штабтың мемлекеттік шекараны қорғауға ықтимал шешімдердің екі-үш үлгідегі нұсқаларын, олардың ЭЕТ-на тиімділігін алдын ала анықтай отырып, дайындауы арқылы.

ЭЕТ қолдану жазбаша мәтінді құжаттарды ресімдеуден бас тарту есебінен жоспарлау құжаттарының көлемін қысқартады, ЭЕТ-ның жадысына қажетті ақпараттық-анықтамалық материалдар мен формализацияланған бланкілерді шоғырландырады, материалдың қайталануын болдырмайтын формализацияланған бланкілер базасында құжаттар автоматты түрде дайындалады.

ЭЕТ базасында шешім қабылдау және жоспарлау құжаттарын дайындауға кететін уақытты қысқарту жағдайдың мәліметтерін орындаушыларға автоматты түрде жеткізу, оларды керегінше нағыз орындаушыдан әскерлерді БАЖ бойынша басқа лауазымды тұлғаларға беру, құжаттарды сақтау және бағынышты бөлімшелерге автоматты түрде беру үшін автоматтандыру құралдарын қолдану, ЭЕТ-ның көмегімен үлгідегі жедел-тактикалық есептерді алдын ала дайындау, автоматтандыру құралдарының көмегімен бақылау қызметтерін орындау арқылы қамтамасыз етіледі.

АТЖ-мен кім айналысуы керек, штаб па немесе барлау бөлімі ме және шекаралық отрядта АТЖ-на жалпы басшылықты кім жүзеге асыруы керек деген әңгіме көп қозғалып жатыр. Біздің пікірімізше, жалпы басшылықты штабтың басшысы басқаруы керек, өйткені кез келген деңгейдегі штабта қорғалатын учаскедегі (шекарадағы, шекараға шектес аудандардағы және оның айналасындағы) жағдай туралы мәліметтер жинақталады. Штабтың басшысы барлық құрылымдық бөлімшелердің өзара әрекеттесулерін ұйымдастырады және қолдайды, мемлекеттік шекараны қорғау бойынша қызметтік-жауынгерлік әрекеттерді дер кезінде әзірлеу мен жүргізу, құрамалар мен бөлімдерді олардың алға қойылған міндеттерін орындаулары кезінде қатаң және үздіксіз басқару мақсатында олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады. Шекаралық отряд штабының әрбір офицері өзінің жұмыс шебінде АТЖ-ын ұйымдастыра білуі керек. Бұдан әрі жоғарғы тұрған штабтың Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау мен сақтау бойынша алға қойған міндеттердің сәтті орындалуы көбінесе АТЖ-ның сапасына, жағдайдың дамуын талдай, жалпылай және болжай алу шеберлігіне тәуелді болады.

Штабтар және барлау органдарының АТБ арасындағы үйлесімділік пен өзара әрекеттестік басқарушылық қызмет үшін қажетті ақпаратты дайындауда өзара көмек көрсету

кезіндегі олардың құзыреті мен қызметтерін айқын шектеу негізінде құрылуы керек.

Штабтың АТБ барлау бөлімдеріне шекарадағы жағдайлар, әскерлер мен оның айналасы туралы жинақталған ақпаратты, сонымен бірге әскерлердің өңірлік басқармасы бастықтары мен өзара іс-әрекеттес органдарға, жағдайлық және болжамдық сипатта жіберілген құжаттар туралы ақпарат береді.

А.В. Горячко да өзінің диссертациялық жұмысында ШҚ үшін АТЖ бойынша мамандарды даярлау мәселесін көтерген болатын: «...Бүгін шекаралық отрядтар штабтарында олардың негізінде шекаралық отрядтың басшысы қисынды шешімдерді қабылдауы үшін ұсыныстар дайындалатын, сол жерде ақпараттық-талдау құжаттарын дайындауды ұйымдастыруға қабілетті талдаушылардың «бар болуын» талдай келе, олардың (мамандардың) іс жүзінде жоқтығы туралы қорытынды жасауға болады. «Талдаушы» деген ұғым талдау қызметінің нысандары мен тәсілдерін білетін, шекараны қорғау, бөлімшелердің қызметтік-жауынгерлік қызметінің нәтижелерін топтауға, мемлекеттік шекарадағы жағдайдың дамуын болжауға қабілетті, сондай-ақ қызметтік ақпаратты өңдеу, сақтау және қорғау саласындағы жаңа компьютерлік технологияларды игерген штабтың лауазымды тұлғасын білдіреді. Осындай мамандардың жоқтығы штабтардағы АТЖ-ның әлсіз болуының бір себебі болып табылады. Осыдан келіп түскен ақпаратты өңдеудің әртүрлі компьютерлік бағдарламаларын, тәсілдерін және амалдарын жақсы игерген, жоғары білікті, техникалық даярлықтан өткен әскери кадрларды даярлау мәселесі туындайды» [3, 44 б.].

Жоғары айтылғандарды ескере отырып, АТЖ бойынша мамандарды дайындау мәселесі қазіргі кезеңде өз шешімін практикада таба алмағаны туралы сеніммен айтуға болады.

Сол уақытта А.В. Горячко былай ұсынған болатын: «...осы мамандарды дайындау бойынша мәселені екі нұсқа немесе тәсілмен шешу. *Бірінші* – «өзімізде» оқыту, яғни Қазақстан Республикасы ҰҚК Әскери институтындағы «Байланыс және есептеу техникалары» кафедрасында курсанттарды оқыту бағдарламасына «Ақпараттық технологиялар және басқаруды автоматтандыру» пәнін қосу. ...Келешекте офицерлерге осы саладағы өз білімдерін жетілдіріп және бекіту жоғары білім алу кезінде іске асырылуы керек (*яғни оперативтік-тактикалық факультетте*). ...*Екінші тәсіл* – бұл Әскери институтта Қазақстан Республикасының тиісті оқу орындарының түлектері және инновациялық технологиялар мен бағдарламамен қамтамасыздандыру саласында жоғары білім алғандар арасынан қабылданған курсанттарды біржылдық оқыту [3, 44-45 б.].

Біз жақтан жоғарыда көрсетілген тәсілдерге қосымша нұсқа ретінде мыналар ұсынылады: *бірінші тәсіл* – офицерлер құрамын жетілдіру курсына офицерлерді дайындауда «Ақпараттық технологиялар және басқаруды автоматтандыру» пәнін енгізу. *Екінші тәсіл* – талдаушыларды ҰҚК Академия базасында немесе Қазақстан Республикасы ҰҚК Талдау және стратегиялық жоспарлау департаменті базасында оқыту.

Қазіргі кезеңде кадрларды дайындау тапсырмаларын шешу шекара отряды (өңірлік басқарма) штабының АТЖ белсендірудің маңызды жағдайы болып табылатынын байқауға болады.

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғаудың барлық бағыттарында шекаралық отряд штабы шешетін мәселелер көлемін кеңейту, көп уақыт шығынымен байланысты оларды орындау қиындығы АТЖ жетілдіру, лауазымды тұлғалардың көп еңбек жұмсамай өңделетін және сақталатын ақпараттың көлемін едәуір ұлғайтуға, біртұтас ақпараттық массивке ие болуға, деректердің үлкен көлемін өңдеу мерзімін күрт қысқартуға, қабылданатын шешімдердің нәтижелігін бағалаудың математикалық әдістерін қолдануға, уақыттың нақты ауқымында күштер және құрал-жабдықтардың әрекеттерін бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін БАЖ қолдану

қажеттілігін тудырады.

Қазіргі жағдайда шекара құрылымдарында АТЖ жетілдіруде бастапқы (белгіленген) кезең тік басқарма; ШҚ-нің қолбасшылары мен басқару органдарының (өңірлік басқарма) шекараны күзету үшін қажет ақпаратпен қамтамасыздандыру тапсырмаларын түсіну, АТЖ бойынша негізгі шараларды белгілеу, АТЖ жоспарлау және орындаушыларға тапсырмаларды жеткізу, АТЖ орындау технологияларын бекіту және талдаушы офицерлерді дайындау, АТБ-нің іс-қимылдарын үйлестіру, қойылған тапсырмаларды орындауда бақылауды ұйымдастыру және АТЖ іске асыруда көмек көрсету болып саналады.

Тек осындай жағдайда ғана АТЖ тиімді бола алады, ал шекара құрылымдарының бастықтары толық, объективті және уақытылы ақпаратпен шешім қабылдауға ие бола алады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам, 2012 жылғы 10 шілде. <http://www.zakon.kz/4501497-socialnaja-modernizaciya-kazakhstana.html>.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 273 «Ақпараттық-талдау жұмыстарының ережесін және хабарламалардың бірыңғай тізбесін бекіту туралы» бұйрығы.
3. Горячко А.В. Повышение оперативности работы штаба пограничного отряда в современных условиях: дис. ... канд. воен. наук. – Алматы: ВИ КНБ РК, 2005. – С. 44–45.
4. Дмитриев В.А. Информационно-аналитическая деятельность в органах Пограничной службы / В.А. Дмитриев, А.Ф. Кучков, А.С. Нежелский. – М.: АФПС, 2000. – С. 6.
5. Кондратенко И.А. Фронтовые операции начального периода войны: научно-теоретический труд. – М.: ВА ГШ, 1990. – С. 45.

Получено 17.04.2014

УДК 623.438

В.И. Терещенко, О.А. Манцуров

Восточно-Казахстанский государственный технический университет им. Д. Серикбаева, г. Усть-Каменогорск.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕТОДИКИ ПОДГОТОВКИ ЭКИПАЖЕЙ К ПРЕОДОЛЕНИЮ ВОДНЫХ ПРЕГРАД

В ходе боевой подготовки личного состава мотострелковых и танковых подразделений вождение боевых машин является одним из основных предметов обучения. Поэтому занятия по вождению должны быть хорошо организованы, целеустремленны и проводиться на высоком методическом уровне.

Обучение вождению имеет цель - научить личный состав полностью использовать высокие тактико-технические возможности машин, приобрести достаточные теоретические знания и практические навыки вождения боевых машин.

В процессе обучения вождению необходимо всесторонне развивать у обучаемых высокие моральные качества: твердость воли, решительность, смелость и инициативу, воспитывать любовь к своей машине, уверенность в ее высоких боевых качествах, чувство ответственности за ее сохранность и постоянную боевую готовность.

Обучение экипажей и подразделений преодолению водных преград различными спо-

собами - вброд, под водой, на плаву и на переправочных средствах - является одной из наиболее сложных задач подготовки и проведения занятий по вождению машин.

Обеспечение безопасности при преодолении водных преград требует особо тщательной подготовки к занятиям самих обучаемых, материальной части и спасательно-эвакуационной группы, а также надежной инженерной разведки водной преграды.

К преодолению водных преград под водой допускается личный состав:

- прошедший медицинское освидетельствование;
- умеющий плавать;
- обученный практическим действиям в дыхательных аппаратах (имеет положительные оценки и практику действия на суше и под водой в дыхательных аппаратах не менее 1,5 ч);

- получивший необходимую практику в затоплении танка и выходе из него;
- имеющий практические навыки в подготовке машины к движению под водой;
- твердо знающий меры безопасности, сигналы для связи внутри машины.

К управлению машинами под водой и по глубокому броду допускаются обучаемые:

- выполнившие начальные упражнения по управлению машиной;
- освоившие технику преодоления препятствий на местности;
- обученные вождению на суше «по подводному» и имеющие практику вождения на суше не менее 70 км;

- знающие правила и объем подготовки машин к преодолению водных преград и получившие практику в выполнении этих работ;

- освоившие приемы и действия, необходимые для умелого управления машиной при вождении под водой и по глубокому броду.

В состав экипажа при преодолении водных преград допускаются военнослужащие, хорошо знающие меры безопасности и обученные действиям в аварийных ситуациях.

Обучение преодолению водных преград по глубокому броду и под водой проводится на машинах, имеющих оборудование для подводного вождения. Механики-водители гусеничных машин, не имеющих оборудования для подводного вождения, обучаются преодолению нормального брода при отработке темы «Вождение в сложных условиях местности».

Нормальный брод преодолевается, как правило, без специальной подготовки экипажей и машин. Подготовка экипажей и подразделений к преодолению водных преград по глубокому броду и под водой включает:

- подготовку машин;
- легководолазную подготовку экипажей;
- отработку техники преодоления водной преграды при одиночном движении;
- обучение преодолению водных преград в составе подразделения.

Все эти вопросы изучаются на занятиях по технической подготовке и вождению, а затем закрепляются на тактических занятиях и учениях.

Обучение технологии подготовки машины к движению под водой и легководолазная подготовка экипажей обычно проводятся параллельно и обязательно предшествуют занятиям по практическому вождению машин. В части организуется целенаправленная подготовка личного состава, назначенного в состав спасательно-эвакуационной группы.

Подготовка машин к преодолению водных преград под водой и по глубокому броду.

Обязанности членов экипажа, перечень работ, выполняемых при подготовке машины к преодолению водной преграды под водой, порядок приведения машины в боевую готовность после преодоления водной преграды, способы устранения возможных неисправностей, обслуживание машин после преодоления водной преграды изучаются в ходе

проведения занятия по теме «Подготовка танка к преодолению водных преград».

Занятие проводится одновременно со всеми экипажами подразделения в комплексе легководолазной подготовки. Руководитель проверяет знание обучаемыми технических возможностей машин по преодолению водных преград, обусловленных конструктивными особенностями машин, характеристики и состава оборудования подводного вождения танка (ОПВТ), объема работ, проводимых на машинах при подготовке к подводному вождению. Затем хорошо обученный экипаж показывает последовательность выполнения всех работ по подготовке танка к преодолению водной преграды, а также порядок частичной и полной разгерметизации.

Самостоятельная тренировка по выполнению работ членами экипажей проводится в соответствии с операционными картами. Подготовка машин проводится поэтапно и подразделяется на предварительную и окончательную. Предварительная подготовка машин проводится в исходном районе или на коротких остановках в ходе выдвижения к водной преграде.

К основным работам относятся:

- техническое обслуживание № 1 или № 2, при котором особое внимание уделяется обслуживанию узлов и агрегатов, оказывающих влияние на состояние машины и экипажа при переправе танков через водную преграду;
- проверка наличия и исправности всех узлов ОПВТ, инструмента и материалов, необходимых для проведения работ по окончательной подготовке танков, и укладка их на свои места;
- проверка средств внешней и внутренней связи, системы защиты от оружия массового поражения и гиropolукомпаса;
- смазка втулок балансиров и обмазка наружных выводов электрооборудования, щелей замков, контуров наружных окон призматических приборов наблюдения и мест их установки, отверстия для прибора радиационной и химической разведки (ПРХР) и других мест, предусмотренных инструкцией по эксплуатации машины;
- проверка наличия всех крышек и пробок, люков и лючков и состояния их уплотнительных прокладок, а также стопорение всех задраек крышки люка аварийного выхода;
- подготовка изолирующих противогазов ИП-5, ИП-46, (дыхательных аппаратов АТ-1) и спасательных жилетов;
- проверка состояния и крепления уплотнений броне­маски пушки и щели прицела;
- установка на ящиках ЗИП съемных стяжек.

Для отработки согласованности действий и воспитания ответственности за качество работы тренировка проводится в составе штатных или сводных экипажей.

Окончательная подготовка машин и проверка качества герметизации проводятся перед исходным рубежом для форсирования или в районе герметизации. К основным работам второго этапа относятся:

- контрольный осмотр танка;
- завершение работ по герметизации танка;
- проверка качества герметизации танка замером разрежения на машинах, где этот способ применяется;
- укладка буксирных тросов в положение, удобное для быстрой сцепки с тросом лебедки тягача.

При подготовке машины к преодолению глубокого брода на отдельных марках машин воздухопитающая труба не устанавливается. Питание двигателя воздухом осуществляется через открытый люк башни. На других марках машин устанавливается по одному колену воздухопитающей и выхлопной труб или только выхлопной трубы.

Качество герметизации машины после ее подготовки проверяется замером разрежения специальным прибором ППГУ, а на тех марках машин, где этот метод не предусмотрен инструкцией по эксплуатации, проверка проводится методом замочки.

Контрольная проверка машины, подготовленной к преодолению водной преграды, проводится на КТП (контрольно техническом пункте) группой контроля герметизации и экипажем.

Группа контроля внешним осмотром проверяет состояние уплотнений, правильность укладки буксирных тросов, наличие пробок и крышек лючков днища, закрывает крышки люков уплотнения силового отделения, снимает защитное приспособление с выпускных клапанов там, где они имеются.

Экипаж выполняет работы, предусмотренные инструкцией по эксплуатации материальной части определенной марки машины.

Заключительным элементом занятия является приведение машины в боевую готовность после преодоления водной преграды. В зависимости от тактической обстановки проводится частичная или полная разгерметизация.

Полная разгерметизация проводится после преодоления водной преграды подразделением в районе разгерметизации. При полной разгерметизации машины осуществляется демонтаж съемной части ОПВТ и перевод ее в транспортное положение. При проведении работ по полной разгерметизации машины после преодоления водной преграды необходимо обратить внимание на предупреждение повреждений воздухопитающей трубы после ее сбрасывания.

